

**Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы
Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасының
«Парламентаризм институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы
республикалық мемлекеттік кәсіпорны мен
«M.S. Narikbaev atyndagy KAZGUU Universiteti» акционерлік
қоғамының арасындағы
ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ЖӘНЕ ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ ТУРАЛЫ
МЕМОРАНДУМ**

Астана қ.

2023 ж. «10» наурыз

Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы
Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасының
«Парламентаризм институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы
республикалық мемлекеттік кәсіпорны, **директордың міндетін
атқарушы Қанатбек Бейсенбекұлы Сафиновтың** атынан, бір
тараптан Жарғы негізінде әрекет ететін және

«M.S. Narikbaev atyndagy KAZGUU Universiteti» акционерлік
қоғамы, екінші тараптан, Жарғы негізінде әрекет ететін **Провост Сергей
Геннадьевич Пеннің атынан**, бірлесіп «Тараптар» деп аталатын,
төмендегілер туралы осы Ынтымақтастық пен өзара іс-қимыл туралы
меморандумды (бұдан әрі - Меморандум) жасасты:

1. ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ МӘНІ МЕН НЫСАНДАРЫ

1.1. Осы Меморандумның мәні осы Меморандумда айқындалған
бағыттар бойынша Тараптар арасындағы ынтымақтастық пен өзара іс-
қимыл болып табылады.

1.2. Тараптар осы Меморандум шеңберінде мынадай басым
бағыттар бойынша:

- заңнаманы жетілдіру мәселелері, заң ғылымы мен практикасы
проблемалары, заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайту бойынша
бірлескен іс-шаралар, жобалар, ғылыми-практикалық және талдамалық
зерттеулер, ғылыми-практикалық конференциялар, симпозиумдар,
дөңгелек үстелдер мен форумдар өткізу;

- өзара білім алмасу, заң ғылымы мен практикасының өзекті
мәселелері бойынша кеңес беру;

- заң жобаларының ғылыми сараптамасы;

- заң ғылымы мен практикасы саласындағы ғылыми- практикалық
басылымдар мен жинақтарды, өзге де ғылыми-практикалық
әдебиеттерді үшінші тұлғаларға бермей дайындау және шығару
бойынша бірлескен баспа қызметін жүзеге асыру;

- ғылыми және өндірістік тағылымдамаларды ұйымдастыру мен
өткізу;

- 3, 4 курс студенттерін, магистранттарды практикаға тарту;

- конституциялық, парламенттік құқық саласында ғылыми жұмыстар жазу үшін бітіруші курс студенттерін тарту;
- Тараптар өзара келіскен Жарғылық қызмет шеңберіндегі ынтымақтастықтың өзге де бағыттары бойынша ынтымақтастықты жүзеге асыратын болады.

1.3. Осы Меморандум Тараптардың кез келгенінің бастамасы бойынша ынтымақтастықты кеңейтуге бағытталған өзге де іс-шараларды өткізу мүмкіндігін алып тастамайды.

1.4. Қажет болғанда, осы Меморандумда белгіленген іс-шараларды қаржыландыру Тараптардың келісімі бойынша тиісті шарттар жасасу жолымен ғана жүзеге асырылады.

2. ӨЗАРА АҚПАРАТ АЛМАСУ

2.1. Тараптар қажет болған жағдайда бір-біріне құқықтық, талдамалық, ғылыми, статистикалық сипаттағы ақпаратты алмасуға және тыйым салынбаған немесе заңнамамен шектелмеген өзге де ақпаратты алмасуға өзара көмек және жәрдем көрсетеді.

2.2. Тараптар осы Меморандум шеңберінде алынған ақпараттың құпиялылығының сақталуына кепілдік береді.

2.3. Тараптардың келісімі бойынша бірлескен қызмет нәтижелерін Тараптардың тиісті органдары (бөлімшелері) бұқаралық ақпарат құралдарында жария ете алады.

3. МЕМОРАНДУМ ҚОЛДАНЫСЫ ЖӘНЕ ОНЫ ӨЗГЕРТУ МЕН БҰЗУ ШАРТТАРЫ

3.1. Осы Меморандум Тараптар оған қол қойған күннен бастап күшіне енеді.

3.2. Осы Меморандумның қолданылу мерзімі - **үш жыл**, егер Тараптардың бірі осы Меморандумның қолданылуын тоқтату ниеті туралы екінші Тарапты Меморандумның қолданылуының кезекті кезеңі өткенге дейін бір айдан кешіктірмей жазбаша нысанда хабардар етпесе, автоматты түрде келесі үш жылдық мерзімге ұзартылады.

3.3. Осы Меморандумға кез келген өзгерістер мен толықтырулар жазбаша түрде ресімделіп және оған Тараптар қол қоюға тиіс.

3.4. Осы Меморандум Тараптардың кез келгенінің бастамасы бойынша бұзылуы мүмкін, бұл туралы Меморандум бұзылған күнге дейін кемінде 3 (үш) ай бұрын екінші Тарап хабардар етілуге тиіс.



4. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

4.1. Тараптар туындайтын мәселелерді қарау және бірлескен іс-қимылдар жүргізу үшін Тараптар беретін уәкілетті өкілдер арқылы Меморандумды орындау мәселелері бойынша бір-бірімен өзара іс-қимыл жасайды.

4.2. Осы Меморандумның ережелерін түсіндіру және қолдану кезінде даулар мен келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар оларды өзара консультациялар арқылы шешеді.

4.3. Осы Меморандум қазақ және орыс тілдерінде, бірдей заңдық күші бар екі данада, Тараптардың әрқайсысы үшін бір данадан жасалды.

ТАРАПТАРДЫҢ ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ МЕН ҚОЛДАРЫ

<p>«M.S. Narikbaev atyndagy KAZGUU Universiteti» акционерлік қоғамы</p> <p>Қазақстан Республикасы, Z05K8C9, Астана қ. Қорғалжын тас жолы, 8 Тел.: +7 7172 70-30-39 e-mail: info@kazquu.kz</p> <p>Провост Сергей Геннадьевич Пен</p>  <p>M.O</p>	<p>Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасының «Парламентаризм институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны</p> <p>Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қ. Мәңгілік ел даңғылы, 8/2 Тел.: +7 (717) 224-81-87 e-mail: instparlam@umto.kz</p> <p>Директордың міндетін атқарушы Қанатбек Бейсенбекұлы Сафинов</p>  <p>M.O</p>
---	---

МЕМОРАНДУМ О СОТРУДНИЧЕСТВЕ И ВЗАИМОДЕЙСТВИИ

между

**Республиканским государственным предприятием на праве
хозяйственного ведения «Институт парламентаризма»
Управления материально-технического обеспечения
Управления делами Президента Республики Казахстан**

и

**Акционерным обществом «Университет КАЗГЮУ имени
М.С. Нарикбаева»**

г. Астана

«10» марта 2023 г.

Республиканское государственное предприятие на праве хозяйственного ведения «Институт парламентаризма» Управления материально-технического обеспечения Управления делами Президента Республики Казахстан, в лице **Исполняющего обязанности директора Сафинова Канатбека Бейсенбековича**, действующего на основании Устава с одной стороны, и

Акционерное общество «Университет КАЗГЮУ имени **М.С. Нарикбаева**», в лице **Провоста Пен Сергея Геннадьевича**, действующего на основании Устава с другой стороны, совместно именуемые «Стороны», заключили настоящий Меморандум о сотрудничестве и взаимодействии (далее - Меморандум) о нижеследующем:

1. ПРЕДМЕТ И ФОРМЫ СОТРУДНИЧЕСТВА

1.1. Предметом настоящего Меморандума является сотрудничество и взаимодействие между Сторонами по направлениям, определенным настоящим Меморандумом.

1.2. В рамках настоящего Меморандума Стороны будут осуществлять сотрудничество по следующим приоритетным направлениям:

- проведение совместных мероприятий, проектов, научно-практических и аналитических исследований, научно-практических конференций, симпозиумов, круглых столов и форумов по вопросам совершенствования законодательства, проблемам юридической науки и практики, укрепления законности и правопорядка;

- взаимный обмен знаниями, консультирование по актуальным вопросам юридической науки и практики;

- научная экспертиза законопроектов;

- осуществление совместной издательской деятельности по подготовке и выпуску научно-практических изданий и сборников, иной

научно - практической литературы в области юридической науки и практики без передачи третьим лицам;

- организация и проведение научных и производственных стажировок;

- привлечение студентов 3, 4 курсов, магистрантов на практику;

- привлечение студентов выпускных курсов для написания научных работ в сфере конституционного, парламентского права;

- иные направления сотрудничества в рамках Уставной деятельности, взаимно оговоренные Сторонами.

1.3. Настоящий Меморандум не исключает возможности проведения по инициативе любой из Сторон иных мероприятий, направленных на расширение сотрудничества.

1.4. При необходимости, финансирование мероприятий, обозначенных в настоящем Меморандуме, осуществляется по согласованию Сторон, только путем заключения соответствующих договоров.

2. ВЗАИМНЫЙ ОБМЕН ИНФОРМАЦИЕЙ

2.1. Стороны, в случае необходимости, оказывают друг другу взаимную помощь и содействие в обмене информацией правового, аналитического, научного, статистического характера и иной информацией, обмен которой не запрещен или не ограничен законодательством.

2.2. Стороны гарантируют соблюдение конфиденциальности информации, полученной в рамках настоящего Меморандума.

2.3. По согласованию Сторон результаты совместной деятельности могут освещаться в средствах массовой информации соответствующими органами (подразделениями) Сторон.

3. ДЕЙСТВИЕ И УСЛОВИЯ ИЗМЕНЕНИЯ И РАСТОРЖЕНИЯ МЕМОРАНДУМА

3.1. Настоящий Меморандум вступает в силу со дня его подписания Сторонами.

3.2. Срок действия настоящего Меморандума – три года с автоматической пролонгацией на следующий трехлетний срок, если одна из Сторон не уведомит в письменной форме другую Сторону о своем намерении прекратить действие данного Меморандума не позднее, чем за месяц до истечения очередного периода его действия.

3.3. Любые изменения и дополнения к настоящему Меморандуму должны быть оформлены в письменном виде и подписаны Сторонами.

3.4. Настоящий Меморандум может быть расторгнут по инициативе любой из Сторон, о чем другая Сторона должна быть уведомлена не менее чем за 3 (три) месяца до даты расторжения Меморандума.



4. ЗАКЛЮЧИТЕЛЬНЫЕ ПОЛОЖЕНИЯ

4.1. Стороны взаимодействуют друг с другом по вопросам исполнения Меморандума через уполномоченных представителей, делегируемых Сторонами для рассмотрения возникающих вопросов и проведения совместных действий.

4.2. В случае возникновения споров и разногласий при толковании и применении положений настоящего Меморандума Стороны разрешают их путем взаимных консультаций.

4.3. Настоящий Меморандум составлен на казахском и русском языках в двух экземплярах, имеющих одинаковую юридическую силу, по одному экземпляру для каждой из Сторон.

РЕКВИЗИТЫ И ПОДПИСИ СТОРОН

<p>Акционерное общество «Университет имени М. С. Нарикбаева»</p> <p>Республика Казахстан, Z05K8C9, г. Астана шоссе Коргалжын, 8 тел.: +7 7172 70-30-39 e-mail: info@kazguu.kz</p> <p>Провост</p> <p>Пен Сергей Геннадьевич</p> <p>М.П.</p> 	<p>Республиканское государственное предприятие на праве хозяйственного ведения «Институт парламентаризма» Управления материально- технического обеспечения Управления делами Президента Республики Казахстан</p> <p>Республика Казахстан, 010000, г. Астана пр. Мангилик ел, 8/2 тел.: +7 (717) 224-81-87 e-mail: instparlam@umto.kz</p> <p>Исполняющий обязанности директора</p> <p>Сафинов Канатбек Бейсенбекович</p> <p>М.П.</p> 
---	--